

Б.К.Адамбек

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: adambekB@mail.ru)

Кеңес Одағының құрылуы мен күйреуінің тарихи сабақтары

Мақалада 1917–1922 жылдары Кеңес Одағын құру жолындағы Ресейдегі большевиктер партиясы мен үкіметінің әр түрлі саясаты баяндалды. Осыған байланысты Ресей халықтарының тәуелсіздіктеріне қарсы болған большевиктердің азамат соғысы кезінде халықтардың әскери-экономикалық және саяси одағын құрудағы саясаты және оны жүргізуде Қызыл Армияның кең түрде пайдаланғаны көптеген деректермен дәйектелді. Сонымен қатар Кеңес Одағы құрылғаннан кейін, осы көп ұлтты мемлекеттегі әр түрлі үрдістердің дамуы және соларға байланысты коммунистік империяның ыдырауы көрсетілді. КСРО-ның мысалында көп ұлтты империялардың ыдырауы тарихи заңдылықтарға сүйенген құбылыс екені дәлелденді.

Кілтті сөздер: большевиктер, азамат соғысы, Қызыл Армия, Кавказ, Түркістан, автономия, федерация, атқару комитеті, Кеңес, Одақ.

1917 жылдың 24–25 қазанында Ресейде большевиктер партиясы басқарған төңкеріс болып, Уақытша үкіметі құлатылды. Қысқа мерзімде большевиктер Петроград, Мәскеу, Иваново-Вознесенск, Төменгі Новгород, Тверь, Ярославль, Екатеринбург және тағы басқа өнеркәсіп орталықтарында жаңа Кеңес өкіметін орната бастады. Төңкеріс кезінде жұмыс істеген Кеңестердің Бүкілресейлік ІІ съезінде большевиктердің ықпалымен Жер және Бейбітшілік туралы тарихи Декреттер қабылданып, В.И.Ленин басқарған бірінші Кеңес үкіметі Халық Комиссарлар Кеңесі құрылды [1]. Сонымен қатар Кеңестердің съездер аралығында елдегі өкіметтің жоғарғы органы болып Бүкілресей Орталық Атқару Комитеті сайланды [2]. Дәл осы кезеңде алдағы аталған Декреттермен қатар, большевиктер үкіметі «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы», «Еңбекші және қаналушы халық құқықтарының декларациясы» атты маңызды құжаттарын, Ресей Федеративтік Республикасын құру туралы қаулысын жариялады және социалистік құрлыстың негізгі кезеңдерін белгіледі [3].

Большевиктер билікке келсімен оларға қарсы бағытталған «ақтар қозғалысы» қарулы күрес бастап, Ресейде азамат соғысының оқиғалары орын алды. Кеңес өкіметі жаңа орнығып жатқан кезде көпұлтты Ресейде ыдырау үрдістері басталды, соған байланысты Финляндия, Польша, Әзербайжан, Армения, Грузия, Эстония, Латвия және Литва өздерінің тәуелсіздіктерін жариялады [4]. Сонымен қатар Украинада Орталық Рада [5], Қазақстанда «Алаш Орда» [6], Түркістанда Қоқан автономиясының үкіметтері құрылды, олар жергілікті халықтардың мүддесін қорғайтын саяси күштер болды [7].

Бірақ Қазан төңкерісіне дейін Ресейді «халықтар түрмесі» деп олардың бостандығын жақтаған В.Ленин, И.Сталин және тағы басқа большевиктердің көсемдері өздері билікке келгеннен кейін, «ұлы державалық» пиғылдарын анық көрсете бастады. 1918–1919 жылдары большевиктер басшылығы, Қызыл Армияның күшімен, Украинадағы, Қазақстандағы және Түркістандағы ұлттық үкіметтерді талқандап, құғынға ұшыратты, олардың орнына аталған аймақтарда Кеңес өкіметі орнатыла бастады.

Бөлініп кеткен территорияларды қайта қосып алу саясатын Кеңес үкіметі жалғастыра берді. Польшаның тәуелсіздігін таныса да, қалай да осы елді қайта қосып алу амалын Кеңестік Ресей басшылары іске асыруға кірісті. Сондықтан большевиктер осы кезде поляктармен жүргізілген

келіссөздерге немқұрайлы қарап, екі мемлекеттің арасындағы қатынастарды одан сайын шиеленістіруі, ең соңында Кеңестік Ресей мен Польшаның арасындағы соғысқа әкеп соқты. 1920 жылы кеңес-поляк соғысы кезінде Варшава түбінде Қызыл Армияны талқандаған поляк халқы өз тәуелсіздігін сақтап қалды [8].

Большевиктердің Ресей халықтарының тәуелсіздігіне қарсы болғанын Теріскей Кавказ жеріндегі оқиғалардан байқауға болады. Осында өздерінің тәуелсіздігін жариялаған Армения, Әзербайжан және Грузияға Кеңестік Ресейдің басшылары ашықтан ашық қоқан-лоққы саясат жүргізіп, неше түрлі арандатушылық ұйымдастыра бастады. Осындай саясатты жүргізуде, әсіресе И.Сталин, С.Киров, С.Орджоникидзе сияқты большевиктер партиясының белгілі қайраткерлері ерекше белсенділік көрсетті. Осы мемлекеттерге «еңбекшілер ерекше қарсы болып, бізден көмек сұрады» деген сылтаумен Ресей басшылары 1920 ж. сәуір айында Қызыл Армияны жіберіп, мусаватистер үкіметін құлатып, Әзербайжанда Кеңес өкіметін орнатты. Тура осындай жолмен қараша айында дашнактар билігі жойылып, Кеңес өкіметі Арменияда орнады [9]. Ал 1921 жылдың мамыр айында Қызыл Армия тәуелсіз Грузияға басып кіріп, осындағы ұлттық үкіметті құлатып, осы жерді кеңестендіруге жол ашты [10]. Сөйтіп, большевиктердің агрессиялық саясатының нәтижесінде армян, грузин және әзербайжан халықтарының тәуелсіздіктері жойылды.

Әр түрлі ұйымдастырылған арандатушылықтан кейін, 1920 жылы Түркістан майданының (қолбасшысы М.Фрунзе) әскерлері патша кезінен сақталып келген Бұқар және Хиуа хандықтарын басып алып, осы жерлерде 1918 ж. құрылған Түркістан Автономиялық Кеңестік Республикасымен қатар «құыршақ» Бұқар және Хорезм Кеңестік Республикаларын жариялады. Осы уақыттан бастап, әскердің күшімен орнатылған Кеңес өкіметіне қарсы Орта Азия халықтарының 20 жылға созылған қарулы күресі басталды. Оның себептері туралы Кеңестік Ресейдің Қарулы Күштерінің Бас Қолбасшысы С.Каменев: «...Кеңес өкіметінің шаралары, шын мәнінде, отарлаушылық саясат болды. Сондықтан ол ұлттық қозғалыстың дамуына әкеп соқты. Қызыл гвардияшылар отрядтарының сорақылық істері басмашылардың көбеюіне әсер етті», — деп көрсеткен [11]. Осыған орай бір кезде большевиктер кемсітіп, «басмашылар қозғалысы» деген соғыс, шын мәнінде Түркістанның жергілікті халықтарының Кеңес үкіметінің озбырлық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс болды.

1922 жылы Ресейдегі азамат соғысы большевиктер үкіметінің жеңісімен аяқталды. Қызыл Армия жеткен жерлердің көбісінде Кеңес өкіметі орнатылды, бірақ тәуелсіздіктерін жариялап, Ресейден Польша, Финляндия, Латвия, Эстония және Литва бөлініп шықты.

Атақты советолог Р.Пайпстың айтуынша, «Ленин ұлттық проблемаға оны қалай шешу үшін емес, қайта оны қалай пайдалана білу керек деп қарады» дегенімен келісуге болады [12]. Дегенмен, халықтардың сенімінен айырылып қалмау үшін, 1917 жылғы Декларациядағы уәделерін большевиктер азамат соғысының қиын кезеңінде іске асыра бастады. Сөйтіп, олар ұлттық аймақтарды уыстарында ұстап қалғысы келді.

Өздеріне пайдалы «пролетарлық интернационализм» принципін негізге алып, большевиктер 1918–1920 жылдары Ресей құрамында бірқатар автономиялар құрды. Бұл жұмысты жүргізгенде олар орталық аппарат пен көбінесе орыстардан тұратын жергілікті партия ұйымдарына сүйенді. 1918 жылы Еділ бойындағы немістер коммунасы, ал 1919 жылы Татар-Башқұрт Автономиялары құрылды. Бірақ Татар-Башқұрт Автономиясының басшылары «пантюркизм» жолына түсті деп үріккен большевиктер бұл Автономияны екіге бөлді. Сөйтіп, 1920 жылы Башқұрт Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы, Татар Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы, Қазақ Кеңестік Автономиялық Республикасы, Дағыстан және Таулы Кеңестік Автономиялық Республикалары, сонымен қатар Шуаш, Карел, Удмурт, Мари, Қалмақ Автономиялық облыстары мен округтары құрылды. Ал 1921 жылы Коми, Кабарда, Қырым Автономиялары пайда болды [13].

Азамат соғысының аяғына қарай бұрынғы Ресей кеңістігінде Украин, Белорус, Әзербайжан, Армян және Грузин Кеңестік Социалистік республикалары және Қиыр Шығыс Республикасы пайда болды. Оларды большевиктер құрған үкіметтер басқарды. Орта Азияның Қызыл Армия басып алған жерлерінде «қуыршақ» Бұқар және Хорезм Халық Республикалары құрылды.

1920–1922 жылдары осы республикалардың көпшілігі Ресей Федерациясымен шаруашылық және дипломатия салаларында одақтастық туралы келісім-шарттарға қол қойды. Ал бұл республикалардың партия ұйымдары облыстық партия комитеті ретінде РКП (б) Орталық Комитетіне тікелей бағынатын болды. Орталық Комитет ұлт аймақтарындағы жергілікті халықтардың өкілдеріне сенімсіздікпен қарап, сол жерлердің басшылығына көбінесе комиссарларды Мәскеуден жіберіп немесе сондағы орыс жұмысшылары мен солдаттарды қойды. Соңғылардың Орта Азиядағы

«басқаруы» туралы партияның Орталық Комитеті 1920 жылдың маусым айында арнайы Қаулы қабылдап, онда: «Отаршылдық психологиясы дарыған орыс жұмысшыларының қолында Кеңес үкіметі 2,5 жыл болса да, келімсектер мен жергілікті Түркістан халықтарының қарым-қатынастары өзгерудің орнына одан сайын шиеленісе түсті», — деп көрсеткен [14].

Осындай жағдайға байланысты Орталықпен басқа республикалармен және олардың халықтарымен қарым-қатынастарды заңдастыратын мәселелер қаралып талқылана бастады. Соның нәтижесінде Грузия басшылары Махарадзе, Орахелашвили, Мдивани қарсы болса да 1922 жылдың басында РКП (б)-н нұсқауымен Грузия, Армения және Әзербайжан біріктіріліп, Теріскей Кавказ Кеңестік Социалистік Федерациясы құрылды [15]. Ал 1922 жылы тамыз айында Кеңестік Республикалардың Федерация негізінде Одағын құру туралы жоспарды Сталин басқарған комиссия қарай бастады. Жалпы федерация арқылы Ресей, Украина, Белоруссия және Теріскей Кавказ Федерациясының бір одаққа кіру жоспарын Ленин ұсынды. Ал Сталин бұл республикалар Ресей құрамына автономиялар ретінде кіру керектігін дәлелдеді. Осы кезеңде басқа да ұсыныстар болды. Мысалы: Грузия басшылары Теріскей Кавказ Федерациясындағы республикалар әрқайсысы жаңа одаққа бөлек кіруін қалады. Осындай ұсынысты Татар, Башқұрт автономияларының басшылары да қолдады. Ал Украинаның өкілдері федерацияның орнына конфедерация құру керектігін дәлелдеді. Бірақ Сталин бұл ұсыныстарды қабылдатқызбай, өзінің автономиялық жоспарын жақтап: «Ұлттық аймақтардағы жас буын коммунистер, тәуелсіздік ойынын ойын ретінде түсінгісі келмей, бізден тәуелсіз республикалардың конституцияларын іске асыруды талап етеді», — деп большевиктердің республикалар құруын «тәуелсіздік ойынымен» салыстырады. Сөйтіп, басқарушы партияның ұлыдержавалық саясат жүргізіндігін айқын байқатады [16].

Бірақ Ленин Сталиннің «тым асығыс» шараларын сынға алып, партияның Орталық Комитетінде өзінің жаңа одақты федерация негізінде құру туралы жоспарын қабылдатқызады. Әрине, өздерінің осы жоспарларына қарамастан, Ленин мен Сталин де құрылатын одақты болашақта біртұтас ірі коммунистік державаға айналдыру мақсаттары болғанын байқау онша қиын емес.

1922 жылдың желтоқсан айында Украинаның, Белоруссияның, Теріскей Кавказ және Ресей Федерациясы Кеңестерінің республикалық съездері өтті. Олар большевиктердің қысымымен республикалар одағының құрылуын жақтаған шешімдер қабылдады және Бүкілодақ Кеңестерінің I съезіне делегаттар сайлады. Осы уақытта Қыр Шығыс Республикасы таратылып Ресейге қосылды [17].

1922 жылдың 30 желтоқсанында Мәскеу қаласында Бүкілодақ Кеңестерінің I съезі өтті. Съезд төрт республика: Ресей, Теріскей Кавказ Федерациясы, Украина және Белоруссия бірігіп, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (КСРО) құрылуы туралы Қаулы шығарды және КСРО-ның құрылғаны туралы Декларация мен Шарт қабылдады. Онда республикалардың одақтық мемлекетке бірігуінің принциптері мен шарттары баяндалды [18]. Съезде КСРО Орталық Атқару Комитеті (ОАК) сайланып, оған төрт тең төрағалар болып М.Калинин (Ресей), Н.Нариманов (Теріскей Кавказ), Г.Петровский (Украина) және А.Червяков (Белоруссия) сайланды. Бірақ тең төрағалық қағаз жүзінде қалып, аз уақыттан кейін Орталық Атқару Комитеттегі билік толық М.Калининнің қолына көшті.

1923 жылы шілде айында Орталық Атқару Комитетінің II сессиясы КСРО-ның Конституциясын қабылдап, оны Бүкілодақтық Кеңестерінің II съезі 1924 жылдың 31 қаңтар айында бекітті. Конституция бойынша КСРО-ның жоғарғы үкімет органдарының қарауына мынандай мәселелер жататын болды: сыртқы саясат, соғыс жариялау мен бітім жасау, КСРО мен республикалардың шекаралары, КСРО құрамына қабылдау, КСРО Қарулы Күштері, көлік пен байланыс, халық шаруашылығын жоспарлау. Осыған қарағанда Конституция федерациядағы Орталықтың билігін заңдастырды. Әсіресе Конституцияның IV-тарауы бойынша Орталық үкімет республикалардың ішкі жағдайларындағы барлық мәселелерге араласып тұруға мүмкіншілік жасады. Ал Конституциядағы республикалардың Одақтан шығу құқығы көп жылдары қағаз жүзіндегі бап болып қала берді [19].

Жаңа Конституцияның негізінде КСРО өкіметінің Жоғарғы Органы Кеңестердің Бүкілодақтық съезі болды. Ал съездің араларында жұмысты екі палаталық Орталық Атқару Комитеті жүргізетін болды, оның палаталары Одақтық Кеңес және Ұлттар Кеңесі деп аталды. Бүкілодақтық съезге делегаттар губерниялық съездерінде сайланды. Ал губернияларға бөлінбеген республикаларда тікелей Кеңестердің республикалық съездерінде сайланды. Жұмысшы табының рөлін көтеру үшін сайлау кезінде 1 жұмысшының даусы 5 шаруаның даусына теңелді. КСРО-ның Орталық Атқару Комитетінің атқарушы және басқарушы органы — КСРО-ның Халық Комиссарлар Кеңесі құрылып, оның ішінде Халық Комиссариаттары, Мемлекеттік Банк және Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясы бекітілді [20].

Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне барлық республикаларда міндетті түрде орындалатын декреттер мен қаулылар шығару құқығы берілді. Сессиялар арасында жұмысты Орталық Атқару Комитетінің атынан оның Президиумы жүргізді. Президиум республикалардың қарым-қатынастарын, оларда шыққан қаулыларының Одақ Конституциясына сәйкестігін бақылайтын болды. Халық Комиссарлар Кеңесінің құрамында контрреволюция, шпионаж және терроризммен күресетін Ерекше Мемлекеттік Саяси Басқарма (ОГПУ) құрылды [21]. Конституция барлық республикалардың тұрғындарына бірыңғай азаматтық белгіледі.

Кеңестік федерация большевиктердің үгіт-насихат, саяси ұйымдастырушылық жұмыстары арқылы құрылған көп ұлтты держава болды. Терезесі тең болып қосылған республикалардың барлық ресурстары бір Орталыққа бағындырылды, ал саяси басқаруды Коммунистік партия өз қолына алды. Осындай жағдайда большевиктерге экономиканы дамытуға, ішкі және сыртқы саясатты жүргізуге толық мүмкіндік пайда болды. Ал КСРО Конституциясы, белгілі ғалым Элен Каррер д.Анкосс көрсеткендей, «Интернационализмге үйрететін мектепке» айналды [22]. Сонымен қатар Кеңестер Одағы сияқты алпауыт Коммунистік державаның құрылуы большевиктерге халықаралық аренада әр түрлі арандатушылық, «революцияны экспорттау» саясатын жүргізуге мүмкіндік берді. Кеңес Одағының пайда болуымен «Қызыл империяның негізі қалыптаса бастады».

КСРО құрылғаннан кейін Кеңес үкіметі ұлттық республикаларда көптеген саяси, экономикалық және мәдени шараларды іске асыруға кірісті. Республикалардағы басқару аппаратына жергілікті халықтардың өкілдері кіргізіле бастады. Бірақ оларға көбінесе сенімсіздікпен қараған Коммунистік партия ұлттық аймақтардың басшылығына өзінің өкілдерін жіберіп тұрды. Сөйтіп, Одақтық басқару жүйесінің ерекше билігі бюрократиялық орталықтандыру процесінің күшеюіне әкеп соқты.

1924–1925 жылдары Орта Азияда ұлттық-мемлекеттік құрылыс жұмысы жүргізіліп, Түркістан Автономиялық Кеңестік Республикасы, Бұқар және Хорезм Халық Республикаларының территориясында Өзбек және Түркімен Кеңестік Социалистік Республикалары құрылды. 1929 жылы Тәжік Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы одақтас республикаға айналды. Осы құрылған үш республика Одақ құрамына енді. Бірақ Кеңес үкіметі республикалардың шекараларын бөлген кезде көптеген қателіктерді жіберді. Мысалы: қазақтардың бірқатар батыс және солтүстік жерлері Ресей Федерациясының құрамына, тәжіктердің Самарқан, Ходжент аймақтарының кей жерлері Өзбекстанның құрамына бөлініп берілді, ал Әзербайжан мен Армения араларындағы өткізілген шекара кейін шешілмейтін проблемаға айналды [23].

1923–1929 жылдары реформа бойынша Кеңес Одағында губерниялар, уездер, болыстықтар орнына облыстар, аудандар селолық және ауылдық кеңестер құрылды [24]. Дегенмен, Кеңес Одағы кезінде ондағы көптеген ұлттық республикалар мен аймақтар өздерінің әлеуметтік-экономикалық дамуында және мәдениет саласында айтулы жетістіктерге жетті. «Социалистік интернационализм» негізіндегі КСРО-ғы ұлттық республикаларда өздерінің үкіметтері, әнұрандары және Конституциялары болды, тіпті олардың әкімшілік шекаралары болды, сөйтіп, кеңестік негізде болса да ұлттық республикаларда мемлекеттілік қалыптасты [25].

Бірақ «халықтар достығының салтанаты» орнаған көпұлтты федерация орнына Кеңес Одағы біртіндеп әкімшілдік-әміршілдік басқару жүйесі қалыптасқан, тоталитарлық сипаты бар коммунистік империяға айналды. КСРО құрылған кезде федерацияда терезесі тең болады деген одақтас республикалар барлық жағынан Мәскеуге бағынып, онсыз бір мәселені шеше алмайтын «құыршақ» құрылымдар болып қала берді. «Социалистік интернационализм» принципі негізінде бір тілде сөйлейтін, бір идеологияға және бір орталыққа бағынған «кеңес халқын» құрамыз деген Одақ басшыларының әрекеті ХХ ғасырдың 70-жылдары сәтсіз аяқталды. Ең соңында экономикасы ішкі және сыртқы жағдайы, ұлттық саясаты тығырыққа тірелген Кеңес Одағы 1991 жылы ыдырап оның кеңістігінде 15 тәуелсіз мемлекет пайда болды. КСРО-ның ыдырауындағы басты себеп — ол 1986 ж. Қазақстанда басталып, Украина, Латвия, Литва, Эстония, Грузия және Әзербайжанда жалғасын тапқан ұлт-азаттық қозғалыс болды деп айтуға болады. Кеңес Одағының ыдырауы тарихи заңдылыққа бағынған үрдіс, өйткені көпұлтты империялар қандай саясат жүргізсе де уақыты жеткенде ыдырауға мәжбүр болады.

Қазіргі кезде КСРО кеңістігінде пайда болған тәуелсіз республикалар әрқайсысы өзінің шамасына қарай даму жолына түсті. Олар бұрыннан мемлекеттілік дәстүрі бар Ресеймен қатар, Қазақстан, Украина, Белоруссия, Әзербайжан және Өзбекстан саяси және әлеуметтік-экономикалық жағынан белгілі дәрежеге жетті. Бірақ екі алпауыт мемлекет Қытай мен Ресей Батыс державалары сияқты посткеңестік елдерді әр түрлі халықаралық одақтарға және ұйымдарға итермелеп бағуда. Әсіресе Ресейде соңғы кезде империяны аңсау пиғылдары байқалып отыр, бұл елде. Үлкен Ресейді,

немесе КСРО сияқты державаны, басқа атпен болса да, қайта құру деген әр түрлі ұрандар тіпті жоспарлар дайындалып жатыр. 1994 жылы Қазақстан Президенті Н.Назарбаев ұсынған Еуразиялық одақ идеясы көтерілді, ол бойынша бұл одаққа көптеген еуразиялық мемлекеттер терезесі тең болып кіруі мүмкін деген. Осы идеяны басында қолдаған Ресей басшылары бұл одақты өзінше түсінеді, олардың пайымдауы бойынша, КСРО-ның орнына Ресейдің басқаруымен Еуразиялық одақ құрылып, оған негізінен посткеңестік республикалар кіруі керек екен. Осы жоспарды іске асыру үшін Ұжымдық Қауіпсіздік Шарт Ұйымы мен Беларусь, Ресей және Қазақстан кірген Кедендік одақ пайда болды, осы одаққа кіргізу үшін Ресей басшыларының Украина, Тәжікстан және Қырғызстанға әр түрлі қысым жасап отырғаны белгілі. Кейбір ТМД мемлекеттері кірген Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Қытай мен Ресейге пайдалы болып отыр, өйткені олар осы ұйым арқылы Орталық Азия мемлекеттерін өздерінің уысында ұстап қалғысы келеді.

Ал Ресейдің ықпалымен жүргізіліп жатқан Еуразиялық экономикалық кеңістікті қалыптастыру жұмысы болашақ Еуразиялық одақтың біріккен экономикасының негізі болмақ. Осыған толық сеніп отырған Ресей Президенті В.Путин: «Еуразия кеңістігіндегі аймақтық интеграциялық құрылымдардағы күштерді үйлестіру өзінің тиімділігін көрсетті», — деп ресми түрде жариялап отыр [26]. Кейбір ресей саясаткерлерінің конфедеративтік негізінде құралатын болашақ Еуразиялық одаққа посткеңестік мемлекеттердің көпшілігі кіруі керек деген ашық айтылып жүрген сөздері — көпшілікті алаңдататын жай. «Ресейге күшті және ықпалды Еуразиялық одақ неге керек?» деген сауалға, мынандай жауап беруге болады: Ресейдегі империяны аңсаушы саяси күштер ТМД мемлекеттерінің біріккен әскери-экономикалық потенциалын пайдаланып, қайтадан бір кездегі Кеңес Одағы сияқты Батысқа қарсы тұрғысы келеді, мұндай жағдайда тағы да «қырғи-қабақ соғыс» басталып кетуі мүмкін деп айтуға болады.

Осыған орай посткеңестік үлкенді-кішілі мемлекеттер (оның ішінде Қазақстан) ірі державалар құрған әр түрлі одақтарға кіруді басты мақсат деп есептемеуі керек, өйткені ондай қадамдар сол елдердің тәуелсіздігіне қауіп төндіретіні анық. 1922 жылы большевиктердің Кеңес Одағын құрудағы алдау-арбау, зорлық-зомбылық саясатына алданып қалған Украина, Белоруссия және Теріскей Кавказ басшыларының кейін опық жегенін ұмытпау керек сияқты. КСРО-ның құрылу оқиғаларын оқыған да, зерттеген де орынды, бірақ талай рет бодандықты бастан кешірген ТМД халықтарының тарихтан тағлым алатын уақыты жетті деуге болады. Қазіргі заманның өзінде кейбір одақтарға кірген орташа мемлекеттер, қалай болса да сол одақтардың әр түрлі шарттарының баптарымен өзін-өзі байлап алып, сол одақты құрушы ірі державаның саяси-экономикалық ықпалына түседі, сондықтан сол одақтың мүшесі ретінде әр түрлі халықаралық жанжалдар мен текетірестерге немесе мемлекетаралық саяси және экономикалық күреске қатысу қауіпі пайда болады. Мұндай жағдай одақтарға кірген мемлекеттердің экономикалық және саяси тәуелсіздіктеріне ерекше қауіп төндіреді.

Халықаралық дипломатияда екіжақты қатынастар деген қағида бар, сондықтан уақыт сынағынан өткен осы принциптер арқылы ірі державалар құратын әскери немесе экономикалық одақтарға кірмей-ақ, Достастық елдері әлемдегі барлық мемлекеттермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастарды әржақты және толыққанды дамытуға барлық мүмкіншіліктері бар. Тек осындай жағдайда ішкі саяси ахуалы тұрақты, табиғи байлығы мол (Әзербайжан, Өзбекстан, Қазақстан) сияқты ортан қолды мемлекеттер империялық пиғылдары бар ірі державалардың толық ықпалына түспей, халықаралық аренада өзіне лайықты, пайдалы және тәуелсіз саясат жүргізе алады.

References

- 1 Sokolov A.K. *Course of Soviet History. 1917–1940: Textbook. Manual for universities*, Moscow: High school, 1999, p. 53.
- 2 *History of USSR. Textbook for students: In 2 vol. — Vol. 2.* / Eds. N.E.Artyomov, Moscow: High school, 1982, p. 351.
- 3 *History of USSR. The era of socialism* / Eds. S.A.Sergeev. Tutorial for pedagogical institutes, Moscow: Prosveschenie, 1977, p. 87.
- 4 *Modern History of Mankind. XX century: Textbook for universities: In 2 Vol.* / Eds. A.F.Kiselev, E.M.Schagin, Moscow: VLADOS, 1998, p. 417.
- 5 *Tutorial on USSR history* / Orlov A.S., Georgiyev V.A., Naumov N.V., Sivohina T.A., Moscow: High school, 1987, p. 424.
- 6 *History of Kazakhstan. From ancient time till today: Essay*, Almaty: Daur, 1994, p. 309.
- 7 Tursyn H.M. *Turkistan ult-azattyk kozgalysy zhane Turkistan Mukhtariyaty. Tarihi, sayasi zhane yltyk aspectileri*, Almaty: Nyrlы aleм, 2006, p. 52.
- 8 *Big Soviet Encyclopedia: In 30 vol. — Vol. 3* / Eds. A.M.Prohorov, Moscow: Sov. encycl., 1975, p. 39.
- 9 Orlov A.S., Georgiyev V.A., Georgiyeva N.G., Sivohina T.A. *History of Russia: Textbook*, Moscow: Prospect, 1997, p. 374.

- 10 *Soviet Historical encyclopedia* / Eds. Ye.M.Zhukov. — Vol. 12, Moscow: Sov. Encycl., 1963, p. 826.
- 11 Adambekov B.K. *Russian Empire in XX century, History of Soviet country and CIS*: Tutorial, Karagandy: KSU Publ., 2005, p. 102.
- 12 Timofeev T. *Formation of USSR and international solidarity of workers*. Modern and Contemporary History. — 1982, № 6, p. 27.
- 13 *History of USSR. Era of socialism*: Textbook for universities / Eds. Yu.S.Kukushkin, Moscow: High school, 1985, p. 123.
- 14 Mustafa Chokai-uly. *Turkestan under the control of soviets*. Articles, memoirs, Alma-Ata: Aikap, 1993, p. 30.
- 15 Berhin I.B. *History of USSR (1917–1978)*: Tutorial, Moscow: High school, 1979, p. 206.
- 16 *History of nation and state building in USSR*: In 2 Vol. — Vol. 1. / Eds. D.A.Chugaev, Mysl, 1972, p. 103.
- 17 Nikiforov P.M. *DVR. Notes of DVR premier*, Moscow: Politizdat, 1974, p. 190.
- 18 *History of Soviet constitution*. Coll. of documents. 1917–1957 yy., Moscow: Politizdat, 1957, p. 214.
- 19 Zuyev M.N. *History of Russia*. Textbook for universities, Moscow: Prior-izdat, 2005, p. 111.
- 20 Karr E. *History of Soviet Russia*. Book 1: Vol. 1 and 2. Bolshevik revolution. 1917–1923 / Transl. from Eng., Moscow: Progress, 1990, p. 318.
- 21 *Modern Soviet History. XX century*. Textbook for universities / Eds. Ye.M.Schagin, A.V.Lubkov: Book 1: In 2 vol., Moscow: VLADOS, 2004, p. 387.
- 22 Vert N. *History of Soviet country. 1900–1991* / Transl. from French. — 2-nd ed., Moscow: Progress-Academy, 1995, p. 171.
- 23 Vinogradov V.I., Orlov G.A., Zhuchkov B.I. *History of USSR in document and illustrations (1917–1971)*, Moscow: Prosveschenie, 1973, p. 120.
- 24 *History of Russia*: In 2 Vol. — Vol. 2. From the beg. of XIX till the beg. of XXI century / Eds. A.N.Saharov, Moscow: Astrel, 2006, p. 576.
- 25 *Coll. of documents on history of USSR. The era of socialism: Ed 3. 1933–1941 yy.* / Eds. V.Z.Drobizhev, Moscow: High school, 1980, p. 202.
- 26 *Egemen Kazakhstan* // 2012. — Dezember, 1, p. 5.

Б.К.Адамбек

Исторические уроки образования и распада СССР

В статье рассмотрена политика большевистской партии и Советского правительства по созданию в 1917–1922 гг. Советского Союза. На основе многих источников доказывается как большевики — противники независимости народов России — в годы Гражданской войны создавали военно-экономический и политический союз народов, повсеместно используя для этого Красную Армию. В то же время показано, как после образования СССР развивалось это многонациональное государство и какие объективные процессы привели к распаду коммунистической империи. На примере СССР определено, что все многонациональные империи обречены на распад, и это является закономерным историческим явлением.

B.K.Adambek

Historical lessons of formation and decau

In the article considered the policy of bolshevist Party and the Soviet government on creation of Soviet Union in 1917–1922. Therefore, based on the number of sources is proved as the Bolsheviks – opponents of independence of Russia nations during the Civil War created a military-economic and political union of nations, using the Red Army. At the same time, it shows development of this multinational after the USSR foundation and objective processes, which have led to the collapse of the communist empire. In this paper, on the example of the Soviet Union proved that all multinational empires are doomed to decay and it is a natural historical phenomenon.